



Құрметті бірінші сынып оқушыларының ата-аналары!

Мектептегі бірінші жыл - балалар үшін де, ата-аналардың өздері үшін де өте қиын және маңызды кезең. Дәл осы кезде баламен дұрыс қарым-қатынас жасау - көп жылдық бірлескен оқудың негізгі болып табылады. Балаға көмек керек болса, ата-анаға шыдамдылық пен түсіністік қажет.

Бірінші сынып оқушысы қандай қиындықтарға тап болуы мүмкін?

- бала зейінін аудара алмайды, зейіні ауытқиды;
- бала тапсырманы өз бетімен орындай алмайды;
- бала үй тапсырмасын орындап ұзақ уақыт отыра алмайды, өйткені ол көбінесе ойыншықтарға қызығады.

Бірінші сынып оқушысына қиындықтарды жеңуге қалай көмектесуге болады?

- ✓ Баладан басынан бастап тәуелсіздікті талап етуге тырыспаңыз. Оған түсіну үшін бірнеше ай қажет. Оқу міндетті түрде орындалатын міндет. Біздің мақсатымыз: балаға көмек көрсету, "барлық міндеттер жүзеге асырылады" деген ойға сенімді болу.

- ✓ Осы жылы баланы кейбір қосымша үйірмелерге, секцияларға беру қажет емес; бұл оның тұрақсыздық сезімін арттырады. Балаға қазір мектепке дейінгі болған атмосфера өте пайдалы, бұл кезде үй бала үшін оның "қорғанышы" ретінде қалыптасу қажет.
- ✓ Алғашқы 2 жыл балаға үй жұмысын орындауға көмектесу керек, бірақ біртіндеп кейбір тапсырмаларды өздігінен орындауға баулу қажет, сонда ғана баланың өзіне деген сенімділігі артады.
- ✓ Баламен бірге күн тәртібін құрастырған жөн: оның жұмыс жасайтын жерін, баланың үй тапсырмасын орындайтын уақытын, таза ауада серуендеу мен ойнаудың мезгілдері және т.б.
- ✓ Баланы тек сәттілік үшін ғана емес, еңбекқорлығы үшін де мадақтауға болатынын есте сақтаңыз.
- ✓ Баланың әрбір сұрағына жауап беруге тырысыңыз, бұл баланың танымдық қызығушылығын арттырады.
- ✓ Дүниеге балаңыздың көзімен қарауға тырысыңыз. Әлемге басқаның көзімен қарау – өзара түсіністіктің негізі. Кейде үлкендер үшін кейбір іс ұсақ-түйек болып көрінсе, бала үшін бұл үлкен мәселе.

Балаларымыз – біздің бақытымыз, байлығымыз, бақытты болашағымыз.



Ата-аналарға кеңестер:



1. Егер Сіз өз балаңызды күшті, төзімді және тәжірибелі көргіңіз келсе - оны түрлі еңбекке үйретіңіз.

2. Егер оның зерделі, білімді болғаның қаласаңыз – кітап оқуға баулу, ой-өрісін кеңейту, білімге құштарлығын арттыру қажет.

3. Егер Сіз оның мінезі мен еркін қатайтқыңыз келсе, оған қиын тапсырмаларды орындатыңыз, оны өз күшін жиі қатайтуға және қиындықтарды жеңуге мәжбүр етіңіз.

4. Егер сіз бала бойында сезімталдық, жауапкершілік, жақсы дос болу қасиеттерін қалыптастырғаңыз келсе, басқа балалармен бірлесіп жұмыс істеуге, оларға көмек көрсетуге рұқсат етіңіз.

5. Егер Сіз балаңыздың өмірде өз орнын тапқанын қаласаныз – оны түрлі іс-әрекеттерге баулу, оның бойында еңбекқорлық пен өз ісіне жауапкершілігін дамытуға тырысыңыз.

6. Балаларыңыздың үлгерімі мен мінез-құлқына мүмкіндігінше жиі қызығушылық танытыңыз.

7. Мектеп мұғалімдері сіздің білім берудегі көмекшілеріңіз екенің ұмытпаңыз!

Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығының психологиялық қызмет бөлімі



*Бірінші сынып ата-аналарына
арналған ұсыныстар*

2023